

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ  
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР  
ИНСТИТУТЫ**

Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері,  
ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты  
ШЕРИАЗДАН РҮСТЕМҰЛЫ ЕЛЕУКЕНОВТІҢ  
95 жылдығына арналған «**ШЕРИАЗДАН  
ЕЛЕУКЕНОВ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ  
ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**»  
Республикалық ғылыми-теориялық конференция  
материалдары

24 қазан, 2024 жыл

АЛМАТЫ

УДК 821.512.122.0  
ББК 83.3 (5Қаз)  
Ш 48

*Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Ғылыми комитеті*

*М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Ғылыми кеңесі  
шешімімен баспаға ұсынылған.*

*2023-2025 жылдарға арналған BR21882298 «Қазақстан әдебиеттануы  
мен өнертануы әлемдік гуманитарлық білімнің тұжырымдамалық эволю-  
циясы аясында» нысаналы бағдарламасы аясында дайындалды.*

**Құрастырған және жауапты редактор:**  
Орда Г., ф.ғ.д.

**Ш 48 Шериаздан ЕлеуKENOV және әдебиеттану ғылымының өзекті  
мәселелері:** республикалық ғылыми-теориялық конференция мате-  
риалдары. – Алматы: 2024. – 208 бет.

ISBN 978-601-230-139-7

Жинақта белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, көрнекті ғалым, жазушы, педагог, журналист, баспагер, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Шериаздан Рүстемұлы ЕлеуKENOVтің өмірі мен шығармашылығы туралы 85 және 95 жылдық мерейтойында жазылған мақалалар топтастырылған. Қаламгердің көркем әдебиет, әдебиеттану, әдеби-сынға қосқан үлесі ғылыми тұрғыдан жан-жақты талданып, азаматтық болмысы туралы естеліктер ұсынылған.

Жинақ филология, журналистика факультетінің студенттеріне, магистранттар мен докторанттарға және әдебиет сүйер қауымға арналған.

УДК 821.512.122.0  
ББК 83.3 (5Қаз)

ISBN 978-601-230-139-7

© М.Әуезов атындағы Әдебиет  
және өнер институты, 2024

**Гүлжаһан ЖҰМАБЕРДІҚЫЗЫ,**  
*филол.ғ.д.*

**ҒЫЛЫМНЫҢ ҚИЯ ЖОЛЫНДА**  
*(Ғалым Ш.Елеукенов туралы естелік)*

Абай атындағы Қазақ педагогикалық университетін үздік белгімен тәмамдаған соң, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына келіп ғылыммен айналысуға тура келді. Ғылымның не екенін толық түсінбесек те, жыл сайын студенттер арасындағы ғылыми семинарларда баяндама жасап жүргеніміздің септігі тиген болса керек, келген бойда өзімізге берілген тапсырмаларды орындауға кірісіп кеттік...

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары Алаш арыстарының ресми ақталып, олардың мұрасы ғылыми айналымға түсіп жатқан кез болғандықтан, сол тұста ғылымға келгендердің көпшілігіне бір-бір қаламгердің әдеби мұрасы кандидаттық диссертация тақырыбы болып бекітілді. Менің еншіме «Қошке Кеменгерұлының әдеби мұрасы» тиді. Сонымен бірге Орталық ғылыми кітапхана қызметкерлерінің сұранысымен, жетекшім, белгілі библиограф Әбділхамит Қуанұлының басшылығымен 1920-1930 жылдардағы газет-журнал беттеріндегі көркем шығармалардың библиографиясын жасауға кірістім. Біз институтқа келген жылдары М.Қаратаев, С.Қирабаев, М.Базарбаев, З.Ахметов, Р.Бердібаев, Б.Құндақбаев, Б.Ерзакович, Ж.Ысмағұлов, Ә.Нарымбетов, Ш.Елеукенов, Л.Әуезова, Ш.Сәтбаева, М.Атымұмов, Қ.Сыздықов, М.Жармұхамедов, Ж.Тілепов, Ө.Күмісбаев, Т.Жұртбаев, Қ.Ергөбек, Б.Ыбырайым, т.б. ағаларымыз институттың жетекші қызметкерлері еді. Бұл қатарға кейінгі жылдары А.Егеубаев қосылды, алдыңғы толқын ағалардың артынан ілесе жүріп, «ҒЫЛЫМНЫҢ ҚИЯ ЖОЛЫНА» түстік...

Аты аталған ғалымдардың әрқайсысы біз үшін тау тұлға болатын, олардың алдынан қия өтуге именетінбіз. Оның үстіне Мүсілім Базарбайұлы мен Шериаздан Рүстемұлының бізге дейін министр, институттың директоры болғаны бар. Өзіміз жас болған соң, әкемізден үлкен кісілердің мысы баса ма қайдам, амандасудан артық бір ауыз сөз айтуға батылымыз бармайтын. Осылай жүргенде, 1995 жылдың желтоқсан айында кандидаттық диссертациям аяқталып, оппонент керек болды. Жетекшім Әбділхамит Қуанұлының ұйғарымымен Халықаралық әдеби байланыс бөлімінің меңгерушісі Шериаздан Рүстемұлы бірінші сарапшы, Қазақ қыздар педагогикалық институты, филология факультетінің деканы Қансейіт Әбдесұлы екінші сарапшы болып бекітілді. Диссертациялық кеңестің тәртібі бойынша сарапшылар алдын-ала 10-15 күн бұрын пікірлерін беріп қояды. Ондағы мақсат – қорғауға дейін диссертант айтылған сауалдарға, сын-ескертулерге дайындалу керек. Ол кезде жаспыз, жастықтың да әсері болады, тақырыпқа деген сүйіспеншілік те басым болса керек. Сондықтан, бірінші сарапшымның айтқан ескертпелеріне қолма-қол жауап беріп, Сәбит пен Қошкенің айтысына қатысты келіспейтін жерлерімді айттым. Қорғаудан соң Шериаздан ағай асығыс екенін айтып, шайға қарамай кетіп қалды. Ол кезде жауап беру керек деген оймен жауап бердім ғой, бірақ кейін ойлаймын. Апырай, сол кезде жарайды, келісемін деп неге үнсіз қалмадым екен. Филология ғылымдарының докторы, профессор ағамның бетінен алғандай болып қарсы жауап бергенім не деп? Бірақ Шериаздан аға сол қорғауды бірде-бір рет есіме түсірген емес, есесіне есіме түскенде өзім ыңғайсызданып, ұялып жүрдім.

Араға біраз жыл салып, мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасымен 10 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихын» жасайтын болдық. Қазіргі қазақ әдебиеті бөліміне кеңестік дәуір әдебиетін зерттеу тиді де, Шериаздан ағай тәуелсіздік тұсындағы әдебиеттің алғашқы онжылдығын, яғни тоқса-

ныншы жылдар әдебиетін зерттеуге басшылық жасады. Барлық бөлімнің зерттеу нысанына сай онтомдықты жазу жұмыстары басталып кетті. Академиялық кешенді зерттеуге тек институт қызметкерлері ғана емес, республикадағы барлық әдебиеттанушы ғалымдар тартылды. Нәтижесінде дайындықпен кіріскендіктен, академик С.Қирабаевтың басшылығымен дайындалған 1920-1930 жылдар әдебиетін қамтитын 7 том мен 1940-1950 жылдар әдебиетін қамтитын 8 том 2004 жылы жарық көрді. Бұл кезде өзге томдардың бірі де дайын емес еді. Сол жылдары біздің бөлімнің жұмысы өзгелерге өнеге болып, отличник бөлім аталып жүрдік. 1960-1980 жылдар әдебиетін зерттейтін кезде, Серік Смайылұлы Шериаздан Рүстемұлына ұсыныс жасады.

Шәке, сіз қазіргі әдебиеттің бірден-бірі маманысыз ғой, қазіргі әдебиетті зерттеу үшін сіз бізге керексіз. Гүлнарды қыздардың қасына жіберейін, олар «Әдебиеттанудың тарихын» бірлесе жасасын, – деді.

Шериаздан ағай сөзге келмей, ұсынысты құп көрді. Артынша біздің бөлімдегі Гүлнар Шериазданқызы әдебиет теориясы бөліміне ауыстырылып, Шериаздан Рүстемұлы халықаралық байланыстар бөліміндегі меңгерушілігін Светлана Викторавна Ананьеваға тапсырып, қазіргі қазақ әдебиеті бөліміне қатардағы қызметкер болып келді. Осылайша біздің бөлімнің ғылыми әлеуеті арта түсіп, кілең докторлар жиналған үлкен бөлімге айналдық. 2005 жылы 9-том, 2006 жылы 10-том жарық көрді. 2004-2008 жылдар аралағын қамтитын он томдық еңбектің кеңестік дәуірі мен тәуелсіздік тұсындағы әдебиетті зерттеген томдары алдымен шыққан кезде, Сериғаң: – өндірісте мұндай бола береді, – деген болатын. Шерағаң бөлімге біржолата келгеннен кейін 9-томға белсене араласып, «Осы заманғы роман», «Ілияс Есенберлин», «Тахауи Ахтанов», «Әбдіжәміл Нұрпейісов» тәрізді тарауларды жазды. 10-томға өзі басшылық жасағандықтан, «Алғы сөз», «Кіріспе», «Роман», «Повесть, хикаяттар» тарауларын жазды. Бұл томды

жазып шығу оңай болған жоқ. Әдеби процеске арласып жүрген қаламгерлерді жинай жүріп, тоқсаныншы жылдар әдебиеті туралы зерттеуді аяқтады. Оны жазуға Ә.Нарымбетов, А.Мархабаев, Ү.Уайдин, Б.Мамраев, Р.Тұрысбек, Қ.Әбдезұлы, М.Маданова, Ә.Сығаев, Ә.Қайырбеков, С.Байжанов, К.Бейсенбіқызы, Д.Рамазан, А.Қалиасқарова тәрізді авторлар тартылды. Нәтижесінде проза, повесть, хикаят, әңгіме, деректі әдебиет, сатира, фантастика, лирика, поэма, драматургия, Қазақстан халықтарының әдебиеті, әдебиеттану, әдеби-көркем сын, қазақ әдебиетінің халықаралық байланыстарына шолу тараулары жазылып, әдеби өмір шежіресі, библиографиялық көрсеткіш жасалды.

Сол күннен бастап, өмірінің соңына дейін Шериаздан Рүстемұлы тәуелсіздік дәуіріндегі әдебиет және көркем публицистика бөлімінің бас ғылыми қызметкері болды. 15-16 жылдай бір бөлімде қатар отырғандықтан бір-бірімізге өте жақын болдық. Оның үстіне біздің бөлімде негізінен ер азаматтар болды да, қыз балалардың үлес салмағы аз болатын. Қыздар көбейген жерде әңгіме көбейетінін білетін бөлім меңгерушісі қыздардың қатарын көбейтпейуге тырысты. Алғашқы жылдарда Жібек, Гауһарлармен бірге жұмыс жасадым, арасында 2-3 жыл жалғыз болып, 2008 жылдардан бастап бөлімге Жансұлу келді. Сол үрдіс бүгінде де жалғасын тауып, біздің бөлімде ер азаматтардың үлес салмағы басым түсіп жатады.

Шериаздан ағайдың өзге қызметкерлерден негізгі ерекшелігі – ешқашан қолжазбасын сұратып, жыл соңына дейін зарықтырып тостырған емес. Еңбек демалысынан келгенде жылдық жоспар бойынша жазылған қолжазбасын алып келетін, және тоқсаныншы жылдары компьютер алғаш шыққанда үйреніп алғандықтан қолжазбасын өзі теретін де жігіттер үйіне барып, электронды нұсқасын алып келетін. Бізді жазған қолжазбасын тергізіп әурелемейтін. Сонымен бірге мерзімді басылым беттеріне жарық көрген мақалаларын дер шағында

телефонмен айтып, бөлімге хабар беріп отыратын. Мұның бір жақсы жағы тоқсан сайын есеп берген кезде жарияланым да, қолжазба да керек болады. Осындай сәттерде алдымен түскен қолжазба бөлімнің жұмысын оң қырынан көрсетіп отыратын.

Ағамыздың екінші ерекшелігі – әдеби процеске белсене араласып, жаңадан шыққан романдарды дер шағында оқырманға таныстырып, сын-рецензиялар жазып отыратын. Тоқсаныншы жылдары жазылған Б.Жандарбековтің «Сақтар», Қ.Жұмаділовтің «Дарабоз», Қ.Исабаевтың «Шоң би», Р.Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы», Ә.Сараевтың «Еділ-Жайық», Х.Есенжановтың «Ағайынды Жүнісовтер», М.Мағауиннің «Шақан шері», Б.Қыдырбекұлының «Алатау», С.Елубайдың «Мінажат», А.Мекебаевтың «Қазына сыры», Б.Мұқайдың «Өмірзая», О.Сәрсенбайдың «Шеңбер», Ж.Ахмадидың «Дүрбелен», Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романдарының бірде бірі ғалым назарынан тыс қалған жоқ. Бұл үрдіс өмірінің соңына дейін жалғасын тапқанын С.Елубайдың «Ақ боз үй», Ұ.Доспанбетовтің «Ел есінде», «Абылайдың ақ туы», С.Сматаевтың «Біз – құлмыз ба, кіміз?», Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» романдары туралы жазылған мақалалары мен зерттеулері растайды.

Келесі ерекшелігі – мерзімді басылым бетінде мақаласы жиі жарияланатын белсенді ғалымдардың бірі еді. Сөзіміз дәлелді болу үшін соңғы жылдардағы бір-ер мақаласынан мысал келтіріп көрелік. 2019 жылы «Егемен Қазақстан» газетіндегі «Рухани жаңғырудың сарқылмас қайнары» мақаласында «Архив – 2025» бағдарламасы жөнінде, «Қазақ әдебиеті» газетіндегі сұр шинел киген Ә.Нұрпейісовтің он екі беттік романының қолжазбасымен С.Мұқановқа келгені, қолжазбаға Ғ.Мұстафиннің оң пікір бергені, ағаларының әскерден келген жетім жігітті қолдап оқуға түсуіне септігі тигені туралы «Он екі бет роман» естелігі, «Қазақ» газетіндегі Елбасы Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласындағы тарихи сананы жаңғырту туралы

«Ұлы даланың жеті қыры», «Жұлдыз» журналындағы Абай мұрасы жөніндегі «Дана мирасы» мақалаларына қарап отырып, ғалымның өмірінің соңына дейін республикалық газет-журналдарда үздіксіз жазып отырғанын көруге болады. Ол әдеби процеске араласа жүріп, саяси науқандарға да үнемі үн қосып отырды. Елбасының Қазақстан халқына жолдауларын қолдап, мерзімді басылым бетінде мақала жазып жүрді. Қ.К.Тоқаев Президент болып сайланғанда еліміздің бас газетіне «Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлы – парасаты кемел қайраткер» атты мақала жариялады. Онда Абайдың он жетінші кара сөзіндегі «Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалай аяқтағандығынан емес» деген пікіріне сүйене отырып, Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түркістан сапарына, 7-9 мамыр күндері «Жусан» бағдарламасы бойынша Сириядан 231 Қазақстан азаматы елге жеткізілгеніне ерекше тоқталған болатын. Осының өзінен ғалымның қоғам өміріндегі әрбір оқиғаға үлкен жауапкершілікпен қарағанын, оған өз үнін қосып отырғанын көруге болады.

2018 жылы «Ұлт береке-бірлігі және көркем әдебиет» деген кітабының қолжазбасын бөлімге тапсырып қойған болатын. Оған дейін үнемделген қаржылардың есебінен жыл соңында қызметкерлердің кітабын шығаруға мүмкіндік болатын. Кейінгі жылдары Ғылым комитеті оған рұқсат бермейтін болғандықтан, бұл қолжазба да ұзақ жатып қалды.

Сонымен бірге ағамыздың әзіл-қалжыңы бірге жүретін. Ол кезде ғылыми зерттеу институттарының қызметкерелері қаңтар-наурыз айларында жалақысыз отыратын. Бөлімде үлкен кісілер болғандықтан, жалақы түскен бойда үйлеріне қоңырау соғып, жалақының түскенін айтатынмын. Үш ай күттіріп берген жалақымызды «бұл – жалақы емес, зарақы ғой, осынша зарықтыруға бола ма?», – деп жымыып күлетін. Сондайда «Біздің зейнетақымыз бар, жастар қалай күн көреді», – деп басшылыққа ренжіп отыратын. Кейінгі жылдары институттан үйіне қоңырау соққан қыздардың барлығын мен



деп ойлап, телефонды алғаннан «Гүлжаһан» деп отыратынын әріптестерім талай айтты. Өмірінің соңына дейін апта сайын бөлімге келіп, төбе көрсетуді ұмытқан емес. Осының бәрі – ғалымның бүгінде біз айтып жүрген адал еңбек еткентаза адамның болмысы.

Мерейтойларын атап өтуге басы бүтін қарсы болатын. 75 жасқа толғанын жоғары деңгейде атап өттік. Содан кейін ұзамай қызы Гауһар, оның артынан баласының күйігіне шыдамаған Жаңыл апамыз дүниеден өтті. Апамыз барда ұсақтүйекпен шаруасы болмаған ағамның бір әңгімесі жаныма қатты батты. Бірде дүкенге барып, аяғына шұлық (носки) алмақ болады. Дүкенші қандай өлшем керегін сұрағанда, ағам тосылып қалады. Сөйтсе, өзінің аяқ өлшемін де білмейтін болып шығады. Баласындай алақанына салып, бар жағдайын жасаған апамыздың дүниеден ертерек өткені ағамызға оңай болған жоқ. 15-16 жыл жалғыз тұрып, өмірдің бар тауқыметін тартты. Өмірінің соңына таман кір-қоңын жуып, тамағын жасап беретін, өзіммен қатар үй күтушісін тауып бергеніме рақметін айтумен болды. Ауыл тәрбиесін алған әйелдің сыпайылығы, қолынан іс келетін ептілігі, мінезінің қарапайымдығы мен тамағының дәмділігі ағама ұнапты...

Институтты Уалихан Қалижанұлы басқарып отырғанда 2014 жылы 85 жасқа толғанын республика дейгейінде атап өттік. Конференцияда У.Қалижанов, Б.Мамыраев, Б.Әбдіғазизұлы, Н.Ақыш, С.Қорабай, С.Ананьева, Г.Ордалар баяндама жасап, мерекелік ақ дастархан жайылды. 2019 жылы 90 жасқа толғанын қаншама атап өткізіміз келгенмен, өзі рұқсат бермеді. Бірақ, бағдарлама жасап, кімдер сөйлейтініне дейін анықтап қойған болатынбыз. 2020 жылдың наурызынан әлемді коронавирус (COVID-19) тажалы шарлап, содан кейін ағамызды қайта көре алмадық. Қиын кездерде өмірден өткендіктен соңғы сапарға шығарып та сала алмадық. Институттың қазіргі басшысы К.Ісләмжанұлының басшылығымен 95 жылдық мерейтойын өзі жоқта атап өттік.

Ұзақ жылдар өзі тұрған Желтоқсан көшесіндегі №129/135 үйге 2024 жылы қазан айының 31 жұлдызында Аламаты қаласы әкімдігінің қолдауымен мемориалды-тақта орнатылды.

Шериаздан ағамның қасында жүріп, ақ батасын алғанымды өзім де байқамапшын. 2013 жылы баспаға кеткелі жатқан «Сөз сыры» деген кітабымның қолжазбасына алғы сөз жазып берді. 2016 жылдың соңына таман жарық көрген «Сөз құдіреті» деген кітабымды сыйлағанмын. Онда ақын-жазушылармен бірге «Мырзабек Дүйсенов», «Шериаздан Елеукенов» ағаларыма арналған шығармашылық портреттер, жақын араласқан Ә.Нарымбетов, Т.Кәкішев, Ж.Ысмағұлов, Б.Майтанов тәрізді ұстаз ағаларым жөнінде жазылған естеліктер болатын. Кітап қолына тиген бойда түгел қарап шығып, «Зерделі зерттеуші» деген 5 беттік мақала жазып, 2017 жылдың 22 мамыр күнімен қол қойған қолжазбасын беріп кетті. Қым-қуыт шаруаның арасында өзіме қатысты дүниелердің сырт қала беретінінен бұл қолжазба күні бүгінге дейін жарық көрмейті. Сөзінің соңын: «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні: ғалым Гүлжаһан Орданың «Сөз құдіреті» кітабы бүгінгі талапқа сай, соңғы жылдарғы көркем әдебиет шығармаларының өзекті мәселелерін тәуелсіздік биігінен зерделеген салиқалы, құнды еңбек», – деп түйіндеген екен.

Сөзімді қорытындылай келгенде айтарым, Шериаздан Рүстемұлы – ғылым жолына алғаш батасын берген бірінші сарапшым (оппонент) болып қана қоймай, 15-16 жылдай бір бөлімде қызметтес болған жақын ағаларымның бірегейі еді. Ғалымның өмірден өткенше әдеби процеске белсенді түрде араласып отырғаны, жаңа туындыларға сын-рецензия жазып отырғаны кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге. XX-XXI ғасыр әдебиеті туралы қаламынан туған зерттеулері – филология, журналистика факультетінде оқитын студенттерге таптырмас құрал. Ғалымның әдебиет пен әдебиеттануға сіңірген еңбектері дер шағында бағаланып, түрлі марапаттарға ие болды. «Мағжан» атты монографиясы үшін ҚР Мемлекеттік сыйлығын алды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде «Біз, ең алдымен, жастарды кітап оқуға баулуымыз керек. Сонда жаппай кітап оқитын ұлтқа айналамыз», – деген болатын. Қазіргі таңда кітап оқитын ұрпақ тәрбиелеу – өзекті мәселелердің біріне айналды. Осы тұрғыда жұмысшы мамандығында оқитын жастарды кітап оқуға баулудың әдемі үлгісіне куә болдым. 2024 жылғы мерейтой иелерінің кітаптарын оқыту, насихаттау барысында Ж.Аймауытұлы, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, Ш.Мұртаза (Т.Рысқұлов туралы), Б.Сокпақбаев, Ә.Нұрпейісов, Г.Бельгер сияқты қаламгерлердің қатарында Ш.Елеукеновтің «Әттең дүние...» романы Алматы облыстық білім басқармасы, Облыстық әдістемелік орталығы, Қаскелең мәдениет колледжі, Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхана ұйымдастырған «Кітап оқы. Шабыттан – 2024» облыстық байқауда оқылатын кітаптардың тізіміне енді.Тізімді көргенде қуанышымды жасыра алмадым.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология және журналистика факультеттерінде ұзақ жылдар Диссертациялық кеңес мүшесі ретінде қаншама шәкірт тәрбиеледі. Қазақ ССР Баспа; полиграфия және кітап саудасы министрі болған жылдары баспасөзге жасаған қамқорлығын шәкірттері ұмытпай, 14 қарашада журналистика факультетінде Шериаздан Рүстемұлының 95 жылдық мерейтойына арналған республикалық конференция өтті. Республика деңгейінде ұйымдастырылып отырған бұл конференциялар – ұстаз-ғалымның екінші өмірі жарқын болатынының мысалы.